

## **Қазақстан Республикасының Шет елде алиментті өндіріп алу туралы конвенцияға қосылу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 33-ІІ.

Қазақстан Республикасы 1956 жылғы 20 маусымда Біріккен Ұлттар Ұйымының шеңберінде қабылданған Шет елде алиментті өндіріп алу туралы конвенцияға қосылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

### **Шет елде алиментті өндіріп алу туралы**

#### **Конвенция**

**(1956 жылы 20 маусымда БҰҰ шеңберінде қабылданды**

*plain (2000 жылғы 27 сәуірде күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)*

#### **Кіріспе**

Шет елде тұратын адамдардан алимент алуда мұқтаждық танытып, күн көрісі соған байланысты болып отырған адамдардың жағдайынан туындайтын күн гуманитарлық проблеманы шұғыл шешу қажеттігін назарға ала отырып,

алименттік талаптар жөніндегі сот ісін жүргізу немесе шет елде өндіріп алу елеулі құқықтық және іс жүзіндегі қиыншылықтарға байланысты екенін назарға ала отырып,

осындай проблемаларды шешудің және осындай қиындықтарды еңсерудің құралдарын қамтамасыз етуге тілек білдіре отырып,

Уағдаласушы Тараптар төмендегілер туралы келісті:

#### **1-бап Конвенцияның мақсаты**

1. Осы Конвенция қандай да бір Уағдаласушы Тараптың аумағында тұрып жатқан, төменде талапкер деп аталатын кез келген адамның, ол сендіріп отырғандай, қандай да бір басқа Уағдаласушы Тараптың құқықтық құзыретіне жататын, төменде жауапкер деп аталатын басқа адамнан алуға құқығы бар алиментті өндіріп алуын жеңілдету мақсатын көздейді. Бұл мақсатты төменде табыс етуші және аралық инстанциялар деп аталатын органдар жүзеге асырады.

2. Осы Конвенцияда көзделетін құқық қорғау құралдары ішкі немесе халықаралық құқық бойынша құқық қорғаудың қазіргі барлық басқа құралдарын толықтырады, бірақ алмастырмайды.

## **2-бап Тиісті инстанцияларды тағайындау**

1. Қосылу туралы бекіту грамотасын депозитке салу кезінде әрбір Уағдаласушы Тарап бір немесе бірнеше әкімшілік немесе сот мекемелеріне өз аумағында табыс етуші инстанцияның функцияларын орындауды тапсырады.

2. Бекіту грамотасын немесе қосылу туралы грамотаны депозитке салу кезеңде әрбір Уағдаласушы Тарап қандай да бір қоғамдық немесе жеке мекемеге өз аумағында аралық инстанцияның функцияларын орындауды тапсырады.

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап 1 және 2-тармақтарды қолдану жөнінде берілген тапсырмалар туралы және оларға қатысты барлық өзгерістер туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына кідіріссіз хабарлайды.

4. Аталған табыс етуші инстанциялар мен аралық инстанциялар басқа Уағдаласушы Тараптардың табыс етуші инстанцияларымен және аралық инстанцияларымен тікелей қатынасқа түсе алады.

## **3-бап Табыс етуші инстанцияға өтініш беру**

1. Егер талапкер төменде "талапкердің мемлекеті" деп аталатын Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында тұрып жатса, ал жауапкер төменде "жауапкердің мемлекеті" деп аталатын қайсыбір басқа Уағдаласушы Тараптың құқықтық құзыретіне жататын болса, онда талапкер жауапкерден алимент өндіріп алу туралы талапкердің мемлекетіндегі табыс етуші инстанцияға өтініш бере алады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап алимент туралы талаптарды растау үшін аралық инстанция мемлекетінің заңы бойынша әдетте қандай дәлелдемелер талап етілетіндігі, бұл дәлелдемелер қандай тәртіппен тапсырылуға тиіс екендігі және осы заң бойынша орындалуға тиіс қандай басқа талаптар бар екендігі туралы Бас Хатшыға хабарлайды.

3. Талапкердің атынан іс-қимыл жасауға аралық инстанцияға уәкілеттік беретін немесе талапкердің атынан іс-қимыл жасайтын қандай да бір басқа адамды тағайындайтын сенімхатты қоса алғанда, өтініш, қажет болған уақытта, іске қатысты барлық құжаттармен бірге жөнелтілуі тиіс. Өтініш талапкердің суретімен және егер мүмкін болса, жауапкердің суретімен бірге жолдануға тиіс.

4. Табыс етуші инстанция аралық инстанция мемлекетінің заң талаптарының сақталуы үшін барлық мүмкін шараларды қолданады. Бұдан басқа, осы заңның қаулысы бойынша талап етілетініндей өтініште төмендегідей мәліметтер болуға тиіс:

а) талапкердің аты және тегі, мекен-жайы, туған күні, азаматтығы, айналысатын кәсібі, сондай-ақ, егер бұл қажет болса, оның заңды өкілінің тегі және мекен-жайы;

ә) жауапкердің аты мен тегі талапкерге белгілі болғандықтан оның соңғы бес жыл ішіндегі жүйелі мекен-жайлары, оның туған күні, оның азаматтығы және оның айналысатын кәсібі;

б) өтініштің негіздері мен тақырыбын, ішінара талапкер мен жауапкердің қаражатына және отбасы жағдайына қатысты, барлық басқа да іске қатысты мәліметтерді егжей-тегжейлі баяндау.

#### **4-бап Құжаттарды беру**

1. Табыс етуші инстанция өтініштің әділетті емес екендігіне көз жеткізу үшін жауапкер мемлекетінің аралық инстанциясына барлық құжаттарды жібереді.

2. Табыс етуші инстанция құжаттарды жібергенге дейін бұл құжаттардың талапкер мемлекетінің заңы бойынша тиісті нысанда тапсырылғанына көз жеткізеді.

3. Табыс етуші инстанция өтініштің негізділігі туралы өз пікірін аралық инстанцияға хабарлай алады және талапкерге тегін құқықтық көмек көрсетуге, сондай-ақ оны шығыстардан босатуға кеңес бере алады.

#### **5-бап Шешімдерді және басқа да сот қаулыларын беру**

1. Табыс етуші инстанция 4-баптың қаулысына сәйкес түпкілікті немесе алдын ала кез келген шешімді және қандай да бір Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот мекемесі талапкердің пайдасына шығарған алимент туралы кез келген басқа да сот қаулысын, сондай-ақ егер бұл қажет болса осындай шешім шығарылған іс жөніндегі хаттамаларды талапкердің өтініші бойынша жібереді.

2. Осының алдындағы тармақта айтылатын шешімдер мен сот қаулылары 3-бапта айтылатын құжаттардың орнына немесе оған қосымша ретінде жіберілуі мүмкін.

3. 6-бапта көзделетін іс жүргізу экзекватура беру ісі немесе тіркеу ісі немесе 1-тармаққа сәйкес жіберілетін қаулының негізіндегі жаңа талап жауапкер мемлекетінің заңына сәйкес жасалуы мүмкін.

#### **6-бап Аралық инстанциялардың функциялары**

1. Бітімгершілік мәмілесін жасасуды және егер бұл қажет болса, алимент туралы талап қоюды және тиісті сот ісін жүргізуді, сондай-ақ кез келген шешімді, ұйғарымды немесе басқа да сот қаулысын орындауды жүзеге асыруды қоса алғанда, талапкер берген өкілеттіктер шегінде іс-қимыл жасай отырып, аралық инстанция алименті өндіріп алу үшін талапкердің атынан барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2. Аралық инстанция табыс етуші инстанцияны істің барысынан хабардар етіп отырады. Егер ол өз функциясын атқара алмайтын болса, мұның себептері туралы табыс етуші инстанцияға хабарлайды және құжаттарды қайтарады.

3. Осы Конвенцияның қандай да бір қаулыларына қарамастан кез келген осындай талапқа немесе іске байланысты туындайтын барлық мәселелерді шешуде негізге алынатын заң жауапкер мемлекетінің заңы және ішінара осы мемлекеттің дербес халықаралық құқығы болып табылады.

## **7-бап Жекелеген талаптар**

1. Екі мүдделі Уағдаласушы Тараптардың заңдары жекелеген талаптарға жол беретін жағдайларда төмендегі қаулылар қолданылады:

а) алимент туралы талапты қарап жатқан сот мекемесі жазбаша немесе өзге де дәлелдемелер алу үшін жекелеген талаппен басқа Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот мекемесіне немесе аумағында осы талап орындалуға тиіс басқа Уағдаласушы Тарап атап көрсеткен кез келген басқа органына немесе мекемесіне қайыра алады;

ә) Тараптардың қатыса алуы үшін немесе өкілдігі болуы үшін талапты алған орган тиісті табыс етуші инстанцияға және аралық инстанцияға, сол сияқты жауапкерге де өтініш берілген істің уақыты мен орнын, қашан және қайда болуға тиіс екендігін хабарлауға міндетті;

б) жекелеген талаптар мүмкіндігінше тез арада орындалуға тиіс; егер жекелеген талап осындай талап алынғаннан кейін төрт ай ішінде орындалмаса, осындай талап алған орган осындай талап жіберген органға орындалмауының немесе кідіртуінің себептері туралы хабарлауға тиіс;

в) жекелеген талапты орындау қандай да бір баж салығының немесе шығыстардың орнын толтыруға әкеліп соқпауы тиіс;

г) мына жағдайларда жекелеген талапты орындаудан бас тартылуы мүмкін:

1) егер осындай талаптың түпнұсқалылығы анықталмаса;

2) егер аумағында орындалуы орын алуы тиіс Уағдаласушы Тарап мұндай талаптың сипаты өзінің егемендігіне немесе өзінің қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді деп тапса.

## **8-бап Сот шешімдерінің өзгеруі**

Осы Конвенцияның қаулысы сондай-ақ алимент туралы іс жөніндегі сот шешімдерін өзгерту туралы өтініштерге де қолданылады.

## **9-бап Алып қою және жеңілдіктер**

1. Осы Конвенцияның негізінде іс жүргізу кезінде осы істі жүргізетін мемлекеттің резиденттеріне немесе азаматтарына қолданылатын тап сондай режим және шығыстар мен баж салықтарын төлеуден босату талапкерлерге де қолданылады.

2. Талапкерлер өздерінің шетелдік немесе резидент емес мәртебесі болуының салдарынан қандай да бір міндеттемелер алуға немесе қандай да бір төлемдер жасауға не болмаса шығыстарды қамтамасыз ету үшін немесе басқа да мақсат үшін кепілдіктерді салуға міндетті болмауға тиіс.

3. Табыс етуші инстанция да, аралық инстанция да осы Конвенцияның қаулысына сәйкес өздері көрсететін қызмет үшін қандай да бір сыйақы талап етпеуге тиіс.

## **10-бап Ақша аудару**

Заңдары шет елге ақша аударуды шектеуді белгілеген Уағдаласушы Тараптар алиментті төлеуге немесе осы Конвенцияның негізіндегі кез келген сот ісі жөніндегі шығыстарды өтеуге арналған ақша аударымдарына жоғары басымдық береді.

### **11-бап Федеративті мемлекеттер туралы клаузула**

Федеративті немесе бірегей емес мемлекеттерге төмендегі қаулылар қолданылады:

а) күшіне енгізу үшін федерацияның заң шығарушы өкіметінің заң шығаруына байланысты осы Конвенцияның баптары бойынша федерация үкіметінің осы шектегі міндеттері федеративтік мемлекеттер болып табылмайтын Тараптардың міндеттеріне сай келеді;

ә) қолданысы федерацияға кіретін әрбір штаттың, провинцияның немесе кантонның заң шығаруына байланысты осы Конвенцияның баптарына қатысты айтсақ, мемлекеттік құрылымына қарай федерация бұл заңдарды шығаруға міндетті емес болса, онда федерация үкіметі мейлінше қысқа мерзімде әлгі баптарды өзінің жағымды пікірімен бірге штаттардың, провинциялардың немесе кантондардың құзыретті өкімет орындарының назарына жеткізеді;

б) осы Конвенцияға қатысатын федеративтік мемлекет Бас Хатшы арқылы өзіне берілген кез келген басқа Уағдаласушы Тараптың талабы бойынша федерацияда және оның құрамдас бөліктерінде қолданылатын және Конвенцияның қандай да бір қаулысына жататын, осы қаулының заңдар шығару немесе басқа да шаралар арқылы өмірге қандай деңгейде енгізілгендігін көрсете отырып, заңдар мен әдет-ғұрыптар туралы хабарлайды.

### **12-бап Аумақтық қолдану**

Осы Конвенция қаулыларының өзін-өзі басқармайтын, қамқорлықтағы және халықаралық қатынастары үшін Уағдаласушы Тарап жауапты болып отырған басқа да аумақтардың, егер сол Уағдаласушы Тарап осы Конвенцияны бекіту немесе оған қосылу кезінде бұл Конвенцияның осындай аумақтың біреуіне немесе бірнешеуіне қолданылмайтындығы туралы мәлімдемесе, бәріне де қатысы бар және бірдей деңгейде қолданылады. Осындай мәлімдеме жасаған кез келген Уағдаласушы Тарап осыдан соң Бас Хатшының атына кез келген уақытта хабарлау арқылы кез келген немесе барлық аумақтарға осы Конвенцияның қолданылуын тарата алады.

### **13-бап Қол қою, бекіту және қосылу**

1. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше кез келген мемлекеттің, Халықаралық Сот Статутының қатысушысы немесе қайсыбір мамандандырылған мекеменің мүшесі болып табылатын ұйымға мүше емес кез келген мемлекеттің және осы Конвенцияға қатысушылар қатарына кіруге Экономикалық немесе Әлеуметтік

Кеңес шақырған, Ұйымға мүше емес кез келген басқа да мемлекеттің атынан ол қою үшін 1956 жылғы 31 желтоқсанға дейін ашық.

2. Осы Конвенция бекітілуге жатады. Бекіту грамоталары Бас Хатшының депозитіне салынады.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған кез келген мемлекет кез келген уақытта осы Конвенцияға қосыла алады. Қосылу туралы грамота Бас Хатшының депозитіне салынады.

#### **14-бап Күшіне енуі**

1. Осы Конвенция үшінші бекіту грамотасы немесе қосылу туралы грамота 13-бапқа сәйкес депозитке салынған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

2. Үшінші бекіту грамотасын немесе қосылу туралы грамотаны депозитке салғаннан кейін осы Конвенцияны бекітетін немесе оған қосылатын әрбір мемлекет үшін осы Конвенция әлгі мемлекет өзінің бекіту грамотасын немесе қосылу туралы грамотасын депозитке салған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

#### **15-бап Күшін жою**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап Бас Хатшының атына хабарлау арқылы осы Конвенцияның күшін жоя алады. Күшін жою сондай-ақ 12-бапта айтылатын қандай да бір аумаққа немесе барлық аумақтарға қатысты болады.

2. Күшін жою аталған хабарландыруды Бас Хатшы алған күннен бастап бір жылдан кейін күшіне енеді, бірақ оның күшіне енуі кезінде өндіріске алынған істерге ықпал етпейді.

#### **16-бап Дауларды шешу**

Егер қандай да бір Уағдаласушы Тараптардың арасында осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты дау туындаса және бұл дау басқа амалдармен шешілмесе, онда ол Халықаралық Сотқа беріледі. Бұл арнайы келісім туралы хабарлау арқылы немесе дау Тараптарының бірінің біржақты мәлімдемесі арқылы жасалады.

#### **17-бап Ескертпелер**

1. Егер қандай да бір мемлекет бекіту немесе қосылу кезінде осы Конвенцияның қандай да бір бабына қатысты ескертпе жасаса, Бас Хатшы осы ескертпенің мәтінін осы Конвенцияға қатысатын барлық мемлекеттерге және 13-бапта айтылатын басқа да мемлекеттерге жібереді. Осындай ескертпеге қарсылық білдірген әрбір Уағдаласушы Тарап осындай хабарландыру алған күннен бастап тоқсан күн ішінде өзінің осы ескертпеге қарсы екендігі туралы Бас Хатшыға мәлімдей алады және мұндай жағдайда Конвенция қарсылық білдірген мемлекет пен ескертпе жасаған мемлекеттің арасында

күшіне енбейді. Осыдан кейін Конвенцияға қосылған кез келген мемлекет қосылу кезінде жоғарыдағыға ұқсас мәлімдеме жасай алады.

2. Уағдаласушы Тарап бұрын жасаған ескертпесінен кез келген уақытта бас тарта алады және өзінің бас тартатындығы туралы Бас Хатшыға мәлімдеуге тиіс.

### **18-бап Тараптарға бірдейлілігі**

Уағдаласушы Тарап осы Конвенция өзі үшін міндетті болатын шектерде ғана басқа Уағдаласушы Тараптарға қатысты осы Конвенцияның қаулысына сілтеме жасай алады.

### **19-бап Бас Хатшы жасайтын хабарландыру**

1. Бас Хатшы барлық мемлекеттерге - Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттерге және 13-бапта айтылатын Ұйымға мүше емес барлық мемлекеттерге мыналарды хабарлайды:

- а) 2-баптың 3-тармағында көзделетін хабарландыру туралы;
- ә) 3-баптың 2-тармағына сәйкес алынатын мәліметтер туралы;
- б) 12-бапқа сәйкес жасалатын мәлімдемелер мен хабарландырулар туралы;
- в) 13-баптың қаулысына сәйкес жасалатын қол қоюлар, бекітулер және қосылулар туралы;
- г) 14-баптың 1-тармағына сәйкес Конвенцияның күшіне енетін күні туралы;
- ғ) 15-баптың 1-тармағының қаулысына сәйкес жасалатын күшін жоюлар туралы;
- д) 17-баптың қаулысына сәйкес жасалатын ескертпелер мен хабарландырулар туралы.

2. Бұдан басқа Бас Хатшы қайта қарау туралы өтініштер жөнінде және 20-бапқа сәйкес осы өтініштерге жауаптар туралы барлық Уағдаласушы Тараптарға хабарлайды.

### **20-бап Қайта қарау**

1. Кез келген Уағдаласушы Тарап Бас Хатшының атына жазған мәлімдемесінде осы Конвенцияны қайта қарау туралы кез келген уақытта өтініш жасай алады.

2. Бас Хатшы осы мәлімдемені ұсынылып отырған қайта қарау туралы мәселені қарау үшін конференция шақыруды қажет пе деген сұраққа төрт ай ішінде жауап беруін сұрап, Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысына жібереді. Егер Уағдаласушы Тараптардың көпшілігі қолдап жауап берсе, Бас Хатшы конференцияны шақырады.

### **21-бап Конвенцияның тілдері және сақталуы**

Мәтіндері түпнұсқамен бірдей болып табылатын ағылшын, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі осы Конвенцияның түпнұсқасы Бас Хатшының сақтауына тапсырылады, ол Конвенцияның куәландырылған көшірмелерін 13-бапта аталатын барлық мемлекеттерге жібереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК